

" Gillette Mach 3 санатындағы сыйлық жиынтықтарының ұтыс ойыны Акциясы"
акциясының ережесі (бұдан әрі-ереже)

1. Акцияның (бұдан әрі – Акция) атауы.	" Gillette Mach 3 санатындағы сыйлық жиынтықтарының ұтыс ойыны Акциясы"	
2. Акцияны ұйымдастырушы туралы ақпарат	Атауы, мекенжайы	«Дайверсити КЗ» ЖШС (БСН 210940013641) (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы»), мына мекенжай бойынша тіркелген: Қазақстан, Алматы қ., индексі 050060, Бостандық ауданы, Жандосов көш., 60А үйі
	Кері байланыс	Акцияның электрондық мекенжайы: info@diversity.kz
Техникалық Серіктес туралы ақпарат	Атауы, мекенжайы	«ВИМ Диджитал» ЖШС (БСН 220540022102) (бұдан әрі – «Техникалық Серіктес 1»), мына мекенжай бойынша тіркелген: 010016, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Түркістан көш., 8/2. ТОО «Starcom Kazakhstan» (Старком Қазақстан) (бұдан әрі – «Техникалық Серіктес 2») , мына мекенжай бойынша тіркелген: Қазақстан, Алматы қ., индексі 050012, Сейфуллин даңғ., 502 офис, № 907-909.
Акцияға тапсырыс беруші.	«Проктер энд Гэмбл Казахстан Дистрибьюшн» ЖШС (бұдан әрі – «Тапсырыс беруші»), мына мекенжайы бойынша тіркелген: Қазақстан, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғ., 240Г үйі	
3. Акцияны өткізу мерзімі .	<p>3.1. Акцияны өткізудің жалпы мерзімдері: 16.02.2024 ж. (00:01 сағат) бастап 31.05.2024ж. дейін.</p> <p>3.2. Акцияға қатысу үшін тіркеу кезеңі (8-тармаққа сәйкес өтінім беру): 16.02.2024ж. бастап 07.04.2024 ж. қоса алғанда.</p> <p>3.3. Сыйлықтар алатын Акция жеңімпаздарын анықтау: 15.04.2024 ж.</p> <p>3.4. Жеңімпаздарды сайтына орналастыру https://pgbonus.kz/kz/winners/gillette_charcoal.pdf 17.04.2024 ж.</p> <p>3.5. Жұлделерді жөнелту кезеңі: 31.05.2024 ж. қоса алғанда. Осы Қағидаларда белгіленген кез келген уақыт Алматы қаласының уақыт белдеуі бойынша есепке алынады</p>	
4. Акцияны өткізу аумағы.	4.1. Акция Қазақстанның аумағында сайтында https://pgbonus.kz/kz/promos/gillette_charcoal және «Facebook», «TikTok» және «Instagram» әлеуметтік желілерінде өткізіледі.	
5. Акцияның мақсаты.	5.1. Procter&Gamble компаниясының өнімдеріне қызығушылықты ынталандыру	
6. Акцияға қатысушыларды Акцияның ережелері туралы, сондай-ақ нәтижелері туралы хабардар ету тәртібі мен тәсілі.	<p>6.1. Акцияға қатысушыларды хабардар ету ережені сайты https://pgbonus.kz/kz/rules/gillette_charcoal.pdf нда орналастыру арқылы Акцияның барлық мерзімінде жүргізіледі.</p> <p>6.2. Акцияның барлық нәтижелері сайтында орналастырылады https://pgbonus.kz/kz/promos/gillette_charcoal</p>	
7. Акцияның сыйлық қоры.	<p>7.1. Акцияның жүлде қоры Тапсырыс берушінің қаражаты есебінен қалыптастырылады және оған мыналар кіреді:</p> <p>7.1.1. Gillette Mach 3 жылдық қоры - 100 жиынтық. Жиынтық құрамы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • 80751256_557.1 MACH3 CHARCOAL RAZOR 2UP <p>Жұлделерді таратуды Акцияны ұйымдастырушы жүзеге асырады.</p> <p>7.2. Жиынтықтағы өнім саны мен жиынтықтың құрамын Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен өзгерте алады. Оны функционалдық мақсаты бойынша ұқсас тауарларға ауыстыру жүзеге асырылады. Жиынтықтар Акцияны өткізу кезінде Тапсырыс берушінің қолында бар Procter&Gamble өнімдерінен құралады.</p> <p>7.3. Ұйымдастырушының Жұлделердің сапасына қатысты міндеттемелері оларды өндірушілер (жеткізушілер, орындаушылар) берген кепілдіктермен шектеледі. Жұлделердің сапасына қатысты кінәрат-талаптар осы Жұлделерді өндірушілерге (жеткізушілерге, орындаушыларға) тікелей қойылуы тиіс. Жұлделердің тұтастығы мен функционалдық жарамдылығын Қатысушылар Жұлделерді алған кезде тікелей тексеруі тиіс.</p>	

	<p>7.4. Түпнұсқа Жұлделердің өндірушісі, жиынтықтамасы және сыртқы түрі, олардың жарнамалық материалдардағы суреттерінен өзгеше болуы мүмкін.</p> <p>7.5. Белгіленген Жұлдені айырбастауға және оларды ақшалай баламамен алмастыруға болмайды.</p>
<p>8. Акцияның шарты.</p>	<p>8.1. Акцияға қатысу және Жұлдені ұтып алу мына жолмен мүмкін болады:</p> <p>8.1.1. сайтына тіркелу https://pgbonus.kz/kz/promos/gillette_charcoal және «Facebook», «TikTok» және «Instagram» әлеуметтік желілері бойынша Өтінім формасын толтыру арқылы қатысуға болады. Бұл үшін:</p> <p>8.1.1.1. Кәмелетке толған «Facebook», «TikTok» және «Instagram» әлеуметтік желілерінде тіркелген пайдаланушы болуы және өз аккаунтының ашық профилі болуы тиіс.</p> <p>8.1.1.2. Ереженің 3.2.-тармағында көрсетілген кезеңде «Facebook», «TikTok» және «Instagram» әлеуметтік желілеріндегі жаңалықтар легінде жарнамалық жазба постын алған жағдайда, толық аты-жөнін, электрондық пошта мекенжайын, телефонын көрсете отырып, Өтінім формасын толтыру керек. Әлеуметтік желілерді пайдаланушыларға жарнамалық хабарламаны көрсету үшін «Facebook», «TikTok» және «Instagram» әлеуметтік желілері анықталады.</p> <p>8.1.1.3. сайтында орналастырылған Акцияның толық ережелерімен танысуы тиіс https://pgbonus.kz/kz/rules/gillette_charcoal.pdf</p> <p>8.2. Акцияға қатысуға өтінімді алғаш рет тіркелді толтырған Қатысушылар ғана жіберіледі. Акцияның барлық өткізу уақытында өтінімді «Facebook», «TikTok» және «Instagram» әлеуметтік желілерінің бірінде бір рет қана қалдыруға болады.</p> <p>8.3. Пайдаланушының жалған немесе коммерциялық аккаунтынан берілген өтінімдер Акцияға қатысуға жіберілмейді. Коммерциялық аккаунт дегеніміз тек тауарларды, немесе қызметтерді сату мақсатында жүргізілетін аккаунт болып танылады. Жалған аккаунт дегеніміз төмендегі тізімнен бір немесе бірнеше аргумент орын алған аккаунт болып танылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - достары жоқ; - аватаркасы жоқ; - тізімдегі барлық жазбалар конкурсқа арналған (акциялардың қайталанған көшірмелері - репосттары). <p>8.4. Осы Ережелерде көрсетілген Акция шарттары орындалмаған жағдайда Ұйымдастырушы біржақты тәртіппен Қатысушыны Акцияға қатысудан шығаруға құқылы болады.</p> <p>8.5. Қатысушының Жұлде туралы деректерді үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ.</p> <p>8.6. Қатысушы тіркелгеннен кейін Акцияның Техникалық Серіктесі 1 жіберген хаттан гиперсілтеме бойынша өту арқылы тіркелу кезінде көрсетілген өзінің поштасын 01.04.2024ж. (23:59 сағат) қоса алғандағы мерзімде растауға міндетті.</p>
<p>9. Акциялардың потенциалды жеңімпаздарын анықтау ережелері.</p>	<p>9.1. Жұлдені алуға құқығы бар Акцияның потенциалды жеңімпаздарын айқындау келесі түрде жүргізіледі:</p> <p>9.1.1. 3.3.-тармақта көрсетілген мерзімде Акцияның дұрыс өтінімдеріне (8-тармақтың шартына сәйкес келетін) берілген реттік нөмірлері жазылған өтінімдер Базасы (Excel форматындағы кесте файлы) құрылады (бұдан әрі – База).</p> <p>9.1.2. Алынған База негізінде потенциалды жеңімпаздар мынадай формулаға сәйкес айқындалады:</p> $N = X/E * Q,$ <p>N — потенциалды жеңімпаздың жеңіске жеткен өтінімінің реттік нөмірі</p> <p>X — Акцияларға өтінімдерді қабылдау кезеңінде тіркелген өтінімдердің жалпы саны;</p>

	<p>Е - жүлделердің жалпы саны $Q = 0,..$ осы Ережелердің 3.2-тармағында көрсетілген тіркеудің соңғы күніндегі АҚШ доллары бағамының бөлшек бөлігі. Формула бойынша есептеу кезінде бүтін емес N санын алған жағдайда, N саны үлкен жаққа дөңгелектенеді. Әрбір N нөмірі ұтыс нөміріне айналады. Акцияның барлық кезеңінде 10 жеңімпаз анықталады.</p> <p>9.1.3. Потенциалды жеңімпаз Жүлдеден бас тартқан немесе потенциалды жеңімпаз осы Ережелердің 16.2-тармағында көрсетілген мерзімдерде Жүлдені алу үшін қажетті ақпаратты ұсынбаған жағдайда, Жүлдені талап ету құқығы ұтысқа айналған N нөмірінен кейінгі нөмірмен (әрбір N - жеңімпаз үшін) потенциалды жеңімпазға ауысады.</p> <p>9.2. Ұйымдастырушы потенциалды жеңімпазды Өтінім беру кезінде көрсетілген электрондық мекенжайы бойынша 16.1-тармақ тәртібімен Акциядағы ұтысы туралы хабардар етеді.</p> <p>9.3. Ұйымдастырушы Акция жеңімпаздарын анықтау хаттамасын жасайды және оған қол қояды, хаттама Ұйымдастырушыда сақталды. Акция жеңімпаздарын анықтау хаттамасына қол қоюшылардың тізімі Ұйымдастырушы қызметкерлерінің арасынан айқындалады.</p>
<p>10. Қатысушылардың құқы.</p>	<p>10.1. Акцияның ережелерімен танысу. 10.2. Осы Ережеде белгіленген тәртіппен Акцияға қатысу. 10.3. Акцияға қатысушы Акцияны Ұйымдастырушыдан Акцияның Ережелеріне сәйкес Акция туралы ақпарат беруді талап етуге құқылы.</p>
<p>11. Қатысушы-Жеңімпаздың міндеттері.</p>	<p>Қатысушы міндетті:</p> <p>11.1. Акцияға қатысушылар Акцияға қатысуға және Акцияның Ережесінде белгіленген мерзімде Жүлдені алуға байланысты барлық әрекеттерді орындауға міндетті. 11.2. 8-тармаққа сәйкес Өтінім беру кезінде Акцияға қатысушы өзекті және шынайы деректерді көрсетуге міндеттенеді.</p>
<p>12. Ұйымдастырушының құқықтары.</p>	<p>Ұйымдастырушы:</p> <p>12.1. Ереженің 16.2-тармағының талаптарын орындамаған қатысушыға Жүлдені беруден бас тартуға. 12.2. Қатысушылар қатарынан: 12.2.1. осы Ереженің 8-бөлімінде көзделген талаптарға сәйкес келмейтін адамдарды; 12.2.2. жауапсыз әрекеттер жасаған адамдарды; 12.2.3. осы Ереженің өзге де тәртібін бұзған адамдарды шығарып тастауға құқылы. 12.3. Ережені өзгерту немесе Акцияны болдырмау, себебін көрсетпей Акцияның өткізілуін тоқтата тұруға, бұл ретте қатысушыларға Ереженің өзгеруі немесе Акцияның өткізілуінің күшін жою/тоқтата тұру туралы хабарлама осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген тәртіппен жүргізіледі. 12.4. Ұйымдастырушы, егер бір Қатысушы әртүрлі электрондық мекенжайларды/ұялы телефон нөмірлерін/әлеуметтік желілердің аккаунттарын пайдалана отырып, Акцияға қатысу үшін тіркелгені жөнінде күдік туындаса, Акцияны өткізудің кез келген кезеңінде Қатысушыны Акцияға қатысудан шеттетуге құқылы. 12.5. Ұйымдастырушы Қатысушыдан қажетті мәліметтерді алмағаны үшін, оның ішінде байланыс ұйымдарының кінәсінен, техникалық проблемалар үшін және/немесе Акцияны өткізу кезінде пайдаланылатын байланыс арналары үшін, сондай-ақ Қатысушы көрсеткен қате немесе өзекті емес байланыс деректері салдарынан онымен байланысты жүзеге асыру мүмкін болмағанда, оның ішінде Қатысушының мекенжайды жазудағы қатесінің себебінен Жүлдені осы қате мекенжайға жіберген жағдайда жауапты болмайды. 12.6. Талап етілмеген Жүлделерді өз қалауы бойынша пайдалануға құқылы.</p>

	<p>12.7. Ұйымдастырушы осы Ережеде көрсетілген жағдайлардан немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарының негізінен басқа кезде Акцияға қатысушылармен жазбаша келіссөздерге не өзге де байланыстарға түспеу құқығын өзіне қалдырады.</p> <p>12.8. Кез келген уақытта өз қалауы бойынша Қатысушы деректерінің дұрыстығын өз күшімен тексеруді жүргізу және одан көрсетілген деректерінің дұрыстығын растайтын құжаттарды талап ету немесе себептерін түсіндірместен Акцияға қатысудан мынадай жағдайларда шеттетуге құқылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қатысушы (дербес деректерімен форманы тіркеу/жіберу кезінде) дәйексіз және/немесе жалған (оның ішінде қате) деректерін көрсеткенде; - Қатысушы жеке басын растайтын құжаттарды ұсынудан бас тартқанда; - егер Ұйымдастырушы қатысушыны Жүлде жинампаз деп санаса, Ұйымдастырушы мұндай Қатысушының Акцияға қатысудан бас тартуын талап етуге және/немесе Жүлдені бермеуге құқылы. <p>Жүлде жинампаз деп төменде көрсетілген әрекеттердің біреуін немесе бірнешеуін жасаған (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмегенде) адам саналады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бір IP-мекенжайдан бірнеше өтінімді тіркеген (әртүрлі электрондық мекенжайлар/ұялы телефон нөмірлері/әлеуметтік желілердің аккаунттары бойынша бірнеше Қатысушы ретінде тіркелген).
<p>13. Ұйымдастырушының міндеттері.</p>	<p>Ұйымдастырушы:</p> <p>13.1. Акцияны осы Ережелерде белгіленген тәртіппен өткізуге;</p> <p>13.2. Акция жеңімпаздары деп танылған Қатысушыларға жүлделер беруге міндетті.</p> <p>13.3. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына, атап айтқанда Қазақстан Республикасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің 351-бабына сәйкес төлем көзінен салық салынатын табыстарға жүлделер жатады. Табыстың осы түрі (Ұтыс) бойынша ЖТС (жеке табыс салығы) есептеуді және ұстап қалуды Жеңімпаздарға жүлделерді тікелей беруді қамтамасыз ететін Ұйымдастырушы – салық агенті жүргізеді. Қатысушылар Жүлде түрінде табыс алады, салық агенті олар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салықты (жеке табыс салығын) төлейді.</p>
<p>14. Техникалық серіктестер құқықтары.</p>	<p>14.1. Техникалық Серіктес 1 электрондық пошта мекенжайын және ұялы телефон нөмірін тексеру мақсатында Қатысушылармен байланысуға құқылы;</p> <p>14.2. Егер электрондық пошта телефон нөмірін мекенжайлары уақытша немесе бір адамға тиесілі деп санауға негіз болса, Техникалық Серіктес 1 Жүлделерді беруден бас тартуға/бұғаттауға/жоюға құқылы.</p> <p>14.3. Техникалық серіктесі 2 құқылы автоматизированно, топ құруға адресаттардың-әлеуметтік желілерді пайдаланушылар негізінде берілген өлшемдердің мақсаттары үшін жарнама орналастыру туралы өнім компания Procter&Gamble және тарату жарнамалық-ақпараттық материалдарды, өнім туралы Procter&Gamble, әлеуметтік желілерде және басқа да арналарда коммуникация.</p>
<p>15. Техникалық серіктестер міндеттері.</p>	<p>15.1. Техникалық серіктесі 1 тексереді, пайдаланушыларды және берілген, олар Өтінім шарттарына сәйкестігін тармағында көрсетілген 8</p> <p>15.2. Техникалық серіктесі 1 тізімін жасайды Өтінім.</p> <p>15.3. Техникалық серіктесі 2 орналастыруды жүзеге асырады жарнама туралы өнім акциялар компания Procter&Gamble, әлеуметтік желілерде және басқа да арналарда коммуникация.</p>
<p>16. Жүлдені алу тәртібі мен мерзімдері.</p>	<p>16.1. Акцияны Ұйымдастырушы потенциалды жеңімпаздармен жеңімпаздарды жариялаған күні Өтінімде потенциалды жеңімпаздар көрсеткен электрондық пошта арқылы байланысады, хатта Жүлдені ұтып алу туралы ақпаратты көрсетеді және жүлдені Қабылдау-тапсыру</p>

актісінің үлгісін жібереді.

16.2. Ұйымдастырушы Акцияның потенциалды жеңімпаздары деп танылған Акцияға Қатысушыларды 9.1-тармақта көрсетілген тәртіпке сәйкес хабардар еткен сәттен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде потенциалды Жеңімпаздар Ұйымдастырушыға жауап хатымен мынадай ақпаратты беруге тиіс:

- Жүлдені жеткізу Мекенжайы,
- Қабылдап алушының аты-жөні,
- Байланыс телефон нөмірі,
- Төлқұжаттың сканерленген көшірмесі,
- ЖСН сканерленген көшірмесі.

16.3. Егер күнтізбелік 7 күн ішінде потенциалды жеңімпаз Ұйымдастырушының хабарландыруына жауап бермесе және 16.2-тармақта көрсетілген ақпаратты жібермеген жағдайда, осындай Қатысушы Акцияда жеңімпаз атағынан бас тартқан болып есептеледі және 7.1.1-тармақта көрсетілген жүлделерге үміткер болуға құқығы жоқ. Бұл жағдайда потенциалды жеңімпаз атағы тізімдегі келесі Қатысушыға 9.1.3-тармақ бойынша өтеді.

16.4. Ұйымдастырушының Жүлдені алу үшін қажетті ақпаратты беру жөніндегі талаптарын толық орындаған потенциалды жеңімпаз жеңімпаз болып танылады, және Жүлде оның көрсеткен мекенжайы бойынша 3.5-тармақта белгіленген мерзімде жіберілуге құқығы бар.

16.5. Ұйымдастырушы осы Ереженің 7.1.1-тармағында көзделген Жүлделерді осы Ереженің 3.5-тармағында көрсетілген кезеңде, 16.2-тармағына сәйкес Қатысушы көрсеткен мекенжайға Ұйымдастырушының немесе ол қатыстырған адамның таңдауы бойынша жүлделерді пошта немесе курьерлік қызмет арқылы жіберу арқылы тапсыруды жүзеге асырады.

16.6. Егер Жүлде курьерлік қызмет арқылы жіберілсе, Жеңімпаз Жүлдені алған сәтте:

- Жеңімпаздың жеке басын растайтын төлқұжатты көрсетуге;
- 16.1-тармаққа сәйкес алынған жүлдені қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюға және толық дұрыс толтырылған және қол қойылған актінің түпнұсқасын курьерге беруге міндетті. Жеңімпаз актіге қол қоюдан және/немесе оны беруден бас тартқан жағдайда Жүлде берілмейді.

16.7. Егер жүлде Пошта арқылы жіберілсе, Жеңімпаз:

- 16.1-тармаққа сәйкес алынған жүлдені қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюға және Жүлдені Пошта бөлімшесінде алғаннан кейін оның сканерленген көшірмесін (16.1-тармаққа сәйкес) Ұйымдастырушының электрондық поштасы мекенжайына жіберуге міндетті. Жүлдені тапсыру туралы хабарламада көрсетілген Пошта бөлімшесінде Жүлдені алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде электрондық пошта арқылы Жеңімпаз тарапынан қол қойылған Жүлдені Қабылдау-тапсыру актісін алмаған жағдайда, мұндай Акт жеңімпаз қол қойған болып, ал тиісті жүлде берілген болып есептеледі. Осы сәттен бастап Ұйымдастырушы немесе ол қатыстырған адам Жүлденің сақталуына және жеткізілуіне жауапты болмайды.

16.8. Пошта/курьерлік қызмет өкілі Жеңімпазға берген және Жеңімпаз Жүлдені қабылдау-тапсыру актісін берген/жіберген күн Жүлдені тапсыру күні болып табылады.

16.9. Ұйымдастырушы жүлдені қайта жіберуді жүзеге асырмайды.

16.10. Жүлденің ақшалай баламасын төлеу туралы талапқа жол берілмейді.

16.11. Жеңімпаздар Ұйымдастырушының кінәсіз алмаған барлық Жүлделер талап етілмеген болып саналады. Акция ережелерінде талап етілмеген жүлделерді сақтау және оларды 3.5-тармақта көрсетілген Акцияны өткізу мерзімі аяқталғаннан кейін беру көзделмеген.

16.12. Егер Жеңімпаз Жүлдеден бас тартса немесе Ұйымдастырушыға

	байланысы жоқ себептермен оны алуға мүмкіндігі болмаса, Ұйымдастырушы жауапты болмайды. Бұл жағдайда Жүлде талап етілмеген болып саналады және Ұйымдастырушы оны өз қалауы бойынша пайдалануға құқылы.
17. Қосымша шарттар.	<p>17.1. Акцияға 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын адамдар ғана қатыса алады.</p> <p>17.2. Акцияға қатысу автоматты түрде Қатысушының осы Ережелермен танысуын және толық келісуін, сондай-ақ дербес деректерді өңдеуге және таратылымды алуға келісімін білдіреді.</p> <p>17.3. Акцияға Тапсырыс берушінің («Проктер энд Гэмбл Казахстан Дистрибьюшн» ЖШС), Ұйымдастырушының («Дайверсити КЗ» ЖШС), Техникалық серіктестің 1 («ВИМ Диджитал»), Техникалық серіктестің 2 (ЖШС "Starcom Kazakhstan") қызметкерлері және олармен еншілес адамдар (олармен еншілес адамдардың қызметкерлері), Акцияны дайындауға және өткізуге қатысатын ұйымдардың қызметкерлері, сондай-ақ барлық аталған адамдардың отбасы мүшелері қатыстырылмайды.</p> <p>17.4. Осы Ережелердің шарттары бойынша сұрақтармен Акцияға қатысушылар Ережелердің 2-тармағында көрсетілген электрондық мекенжайға жүгіне алады.</p> <p>17.5. Акцияны Ұйымдастырушы Акцияны өткізу шеңберінде «Facebook», «TikTok» және «Instagram» әлеуметтік желілеріндегі техникалық ақаулар/бұзылулар үшін, егер олар Акцияны Ұйымдастырушының кінәсінен туындамаса, жауапты болмайды.</p>
18. Акцияға Қатысушының өзінің дербес деректерін өңдеуге келісімі, өңдеуді Ұйымдастырушы Тапсырыс беруші мен Техникалық серіктестер жүзеге асыратын Акцияға Қатысушының дербес деректерінің тізбесі, дербес деректерді өңдеу мақсаттары, осындай дербес деректермен іс-қимылдар тізбесі, дербес деректер ашылуы немесе берілуі мүмкін тұлғалар, дербес деректерді трансшекаралық беру туралы мәліметтер, егер мұндай трансшекаралық беру жүзеге асырылатын болса, , Акцияға Қатысушының дербес деректерін өңдеу жүзеге асырылатын мерзім.	<p>18.1. Акцияға қатысу фактісі және сайтында тіркелу фактісі https://pgbonus.kz/kz/promos/gillette_charcoal немесе Қатысушының «Facebook», «TikTok» және «Instagram» әлеуметтік желілері арқылы дербес деректермен (аты-жөні, ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы) Өтінім формасын жіберуі Қатысушының Акцияны Ұйымдастырушының, Тапсырыс берушінің және Техникалық серіктестер өзінің дербес деректерін өңдеуге Акция шеңберінде және Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V Заңында белгіленген тәртіппен жүлделер беруге келісімін білдіреді, сондай-ақ Акцияны Ұйымдастырушы мен Акцияға Тапсырыс берушінің дербес деректерін статистикалық мақсаттарда және Procter&Gamble компаниясының өнімдері немесе Procter&Gamble компаниясы өнімінің жарнамалық үлгілері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды тарату мақсатында Қатысушы көрсеткен электрондық/пошталық мекенжайына немесе Procter&Gamble компаниясы өнімі туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарын Қатысушының ұялы телефон нөміріне/электрондық мекенжайына жіберу және/немесе әлеуметтік желілерде және коммуникацияның басқа арналарында жарнамалық (Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы) және Procter&Gamble өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды орналастыру мақсаттары үшін әлеуметтік желілерді пайдаланушы-адресаттар топтарын автоматтандырылған түрде берілген критерийлер негізінде қалыптастыру мақсаттарында және Акция шеңберінен тыс басқа да мақсаттар үшін келісімін білдіреді.</p> <p>18.2. Акцияны Ұйымдастырушы және Техникалық серіктес Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып және/немесе мұндай құралдарды пайдаланбай дербес деректермен мынадай әрекеттерді жасай алады: жинау, жазу, жүйелендіру, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), алу, пайдалану, беру (тарату, беру, қолжеткізу), иесіздендіру, бұғаттау, өшіру, жою.</p> <p>18.3. Акцияны Ұйымдастырушы және Техникалық серіктес</p>

Қатысушылардың деректерін шарттық қатынастары бар үшінші тұлғаларға жүлделерді жеткізуді/ақпаратты таратуды жүзеге асыру үшін, оларды осы Ереженің 18.1, 18.4-т. көрсетілген мақсаттарға сәйкес өңдеу үшін беруге құқылы.

18.4. Акцияға қатысу фактісі және Қатысушының дербес деректері бар форманы тіркеу/жіберу фактісі (аты, ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы) Қатысушының дербес деректерді Ұйымдастырушының Тапсырыс берушінің және Техникалық серіктестер үшінші тұлғаларға беруіне, оның ішінде Ресей Федерациясының аумағына «Проктер энд Гэмбл Дистрибьюторская Компания» ЖШҚ (СТН 7701639976) («Procter&Gamble» деп аталатын) атына трансшекаралық беруге, Ресей, 125171, Мәскеу қ., Ленинград тас жолы, 16А үйі, ООО «Лайон Коммьюникейшнз» (СТН 7743068844) 125040, Мәскеу г, Ленинград пр-кт, № 15 үй, құрылыс 1, 4 қабат, темп. VI, ком. 17, 2-бөлігі, мекенжайы бойынша тіркелген, Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды немесе Procter&Gamble компаниясының өнімдерінің жарнамалық үлгілерін Қатысушы көрсеткен электрондық/пошта мекенжайына жіберу мақсатында немесе Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды Қатысушының ұялы телефон нөміріне/электрондық мекенжайына жіберу және/немесе жарнамалық (Procter&Gamble компаниясының өнімдері туралы) және Procter&Gamble өнімдері туралы жарнамалық-ақпараттық материалдарды орналастыру мақсаттары үшін әлеуметтік желілерді пайдаланушы адресаттар топтарын автоматтандырылған түрде берілген критерийлер негізінде қалыптастыру мақсатында және Акция шеңберінен тыс басқа да мақсаттар үшін келісімін білдіреді.

Дербес деректерді өңдеуге/пайдалануға келісім Акцияны ұйымдастырушы/Тапсырыс/Техникалық серіктестер беруші үшін Акцияны өткізу мерзімі аяқталған сәттен бастап 10 (он) жыл ішінде жарамды.

18.5. Қатысушы келісімін қайтарып ала алады:

18.5.1. Тапсырыс берушіден кез келген уақытта: Қазақстан, Алматы қ., Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 240Г үйі мекенжайына кері қайтарып алу туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы. Ұйымдастырушыдан кез келген уақытта: Қазақстан, Бостандық ауданы, Алматы қ., , Жандосов көшесі, 60А үй, индексі 050060 мекенжайына кері қайтарып алу туралы жазбаша хабарлама жолдау арқылы. Келісімді кері қайтарып алу туралы хабарлама алған жағдайда, Акцияны Ұйымдастырушы және ол уәкілеттік берген адамдар Қатысушының дербес деректерін өңдеуді тоқтатады және хабарлама келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде дербес деректерді жояды.

Бұл ретте, егер Қатысушы тиісті Акцияны өткізу мерзімдері кезеңінде келісімді кері қайтарып алса, онда ол Ұйымдастырушы Акцияға Қатысушыдан хабарлама алған сәттен бастап автоматты түрде осы Акция шеңберінде жүлделерді алу құқығынан айырылады.

18.5.2. Тапсырыс берушіде кез келген ақытта Тапсырыс берушіге 8-800-080-50-52 телефоны бойынша сұрау жіберу арқылы, сондай-ақ Тапсырыс берушіден Қатысушыға жіберілетін хаттарда көрсетілген тиісті сілтеме бойынша өту арқылы жүзеге асырылады.

18.5.3. Ұйымдастырушыда кез келген уақытта жібере отырып, хат, электронды пошта: info@diversity.kz

18.5.4. Техникалық серіктесте 1 кез келген уақытта support@pgbonus.kz поштасына хат жіберу арқылы.

18.5.5. Техникалық серіктесте 2 кез келген уақытта info@starcom.kz поштасына хат жіберу арқылы.

	<p>18.6. Қатысушының дербес деректер субъектісі ретіндегі құқықтары. Қатысушының құқығы бар:</p> <ul style="list-style-type: none">- Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші және Техникалық серіктес туралы оның дербес деректерінің операторы ретінде мәліметтерді алуға;- Ұйымдастырушыдан, Тапсырыс берушіден және Техникалық серіктестен, оның дербес деректерінің операторлары ретінде, егер дербес деректер толық емес, ескірген, дұрыс емес, заңсыз алынған немесе мәлімделген өңдеу мақсаты үшін қажет болып табылмаса, өзінің дербес деректерін нақтылауды, оларды бұғаттауды немесе жоюды талап етуге;- өз құқықтарын қорғау бойынша заңда көзделген шараларды қабылдауға;- осы Талаптарда және Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V Заңында белгіленген өзге де құқықтарды алуға. <p>18.7. Ұйымдастырушы, Тапсырыс беруші және Техникалық серіктес Қатысушының толық емес, ескірген, жалған дербес деректерін ұсынуы салдарынан өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда жауапты болмайды.</p>
--	--